

Қаралды:
педагогикалық кенестің
№ 1 хаттамасы
Басшысының ТІЖ орынбасары
 Д.М.Кыдырекешова

«28» тамыз 2023 жыл

Бекітілді:
Обалы ауылының негізгі орта мектебі
мектеп директорының м.а.
К.Б.Ахметова

«28» 28 2023 жыл

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша 2023-2024оқу жылына арналған мектептің тәрбие жоспары

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жанғыруы қажеттігін;

- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қалірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадрлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары
Ар-ұят құндылығы:
- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.
- **Күтілетін нәтижесі:**
- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.
- **Талап құндылығы:**
- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.
- **Күтілетін нәтижесі:**
- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасаппаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әлебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық алу» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Аттыбақан, Айгөлек, Бездесу, Саккұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспіргінің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

- отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
 - адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицикатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
КҮНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Салтанатты жиын және сынып сағаттарының жоспары/сценарийі		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, сынып жетекшілер
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» «Тіл-бірлік негізі» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы») Ұлттық мүдде: Салауатты өмір салтын ұстану Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-9 сыныптар	Онкүндік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау		Бурабай ПБ УПИ полициясы
4	«Сергіту сәті» челленджі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-9 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желіде жариялау		Капаров Г.У.
5	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы) Ар-ұят: Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау		ӘБ жетекшісі

6	«Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» жалпы ата-аналар жиналысы	Ата-аналар	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысының хаттамасы	Мектеп әкімшілігі
---	---	------------	---------------------	----------------------------------	-------------------

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) Ар-ұят: Отбасының, өз ортасының абыройын асыру Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау		Сынып жетекшілер
2	«Ұстаз – мектептің жүрегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Әлеуметтік желіде жариялау		ДТДЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
3	«Республика күні» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Бекбулатова Ш.Ж.

	Ардагер- ұстаздарға арналған «Сыр-сұхбат» бағдарламасы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу</i> <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
5	«Қош келдің, сары ала күз!» атты іс-шара <i>Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу</i> <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	Жоломанова Г.К. Оразова А.М.

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
КҮНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» (Әкелер және аналар мектебі) Ар-ұят: Достарына, сыныптарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
2.	15 қараша – Ұлттық валюта күні Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Каирбаева А.Т. сынып жетекшілер
3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану Ұлттық мүдде: Қоғам ісін үйін қызмет ету	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
4.	«Оян, ар мен адалдық» Құжық бұзупшылықтың алдын алу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ар-ұят: Сөзге берік, ісіне адал болу; Ар-ұят: Шешім қабылдай біту және жауапкершілікті сезіну	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»



№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Тәуелсіздікке – 32 жыл» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Тәлімгер, Каирбаева А.Т.
2.	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құптар мектеп) жобасы Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	5-9 сыныптар	Кітапханаға саяхат	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Бижанова Г.Х. Кабдулина А.Д.
3.	«Жаңа жыл -2024» Ар-ұят: Әдеп нормасын ұстану Талап: Дұрыс қарым қатынас орната білу	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Тәлімгер, Кабдулина А.Д.

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Ар ұят: Халқына адал қызмет ету	1-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
2.	«Елімді жырға қосамын» (Туған өлке ақындарының шығармалары) («Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы) Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жасау керішілікті сезіну	5-9 сыныптар	Поэзиялық кеш	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
3.	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға ұмтылу	1-4 сыныптар	Кітапханадағы кездесу	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Бижанова Г.Х. Кабдулина А.Д.
4.	«Сен өз құқығыңды білесің бе?» (Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу) Ар-ұят: Әдеп нормасын ұстану Талап: Дұрыс қарым қатынас орната білу Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу	5-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

5.	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы) Талан: <i>Салауатты өмір салтын ұстану</i>	1-9 сыныптар	Ғылыми жоба	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
6.	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: <i>Отбасының өз ортасының абыройын асыру</i>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нәсіні	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы) Ұлттық мүдде: <i>Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	1-9 сыныптар	Интеллектуалдық сайыс	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Бижанова Г.Х. Кабдулина А.Д.
2.	«Үйрен жақсы әдептен...» («Үнемді тұтыну» жобасы) Ар ұят: <i>Адал еңбекті құрметтеу</i> Талап: <i>Білуге, жаңаны тануға ұмтылу</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Сынып жетекшілер

3.	«Тарихқа тағзым» («Тарихқа құрмет» жобасы) Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
4.	«Мектептегі мінез- құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») Талап: Дұрыс қарым-қатынас орнату Ар-ұят: Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.	1-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
5.	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу.	1-9 сыныптар	Әр түрлі мамандық иелерімен кездесу	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
КҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Алғыс айту» күні Ар-ұят: Отбасыны, өз ортасының абыройын асыру Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-9 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Жакупбекова Ж.С. Конакаева Л.А.
2.	«Аяулы менің анашым» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: Отбасыны, өз ортасының абыройын асыру Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Кыдырекешова Д.М.
3.	«Қош келдің өз- Наурыз» «Қолөнер мейрамханасы» жобасы Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-9 Сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Кыдырекешова Д.М. Оразбаева Ж.И.
4.	«Ұлттық киім -ұрпаққа аманат» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-9 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нәсіні	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						

1.	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы) Ар-ұят: Отбасының, өз ортасының абыройын асыру Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Сынып жетекшілер
2.	12 сәуір Ғылым күні Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға асқарысу Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджінің қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Илиманова А.Ж. Конакаев С.А. Жакупбеков К.А.
3.	«Табиғат тамашалары» («Экологиялық туризм» жобасы) Талап: Салауатты өмір салтын ұстану	1-9 сыныптар	Экологиялық сенбілік	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Жакупбеков К.А.
4.	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») Ар-ұят: Халқына адал қызметету Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	Медбикемен кездесу	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Оразбаева Ж.К.

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы») Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		Токенова А.Б.
2.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ар-ұят: Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
3.	«Отбасы FEST» фестивалі Халықаралық отбасы күні («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: Отбасының өз ортасының абыройын асыру Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу	1-9 сыныптар	Мектепшілік іс-шара	Әлеуметтік желіде жариялау, сынып сағатының жоспары		ДТЖО, тәлімгер, Капаров Г.У.

	нормаларын ұстану Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу					
4	Жасыл мектеп Талап: салауатты өмір салтын ұстану Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сынып	Мектеп ауласында жұмыстар ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы	
5	«Кітапханаға саяхат» («Балалар кітапханасы» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
6	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Фестиваль	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тәлімгер	
7	«Сөз кәдірі – өз кәдірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы») Ар-ұят: сөзіне берік, ісіне адал болу Талап: Білуге, жаңаны	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші	